

болып, тілдің негізгі тіршілігі – орфоэпиясының талаптары ұмытыла бастады. Қазақ тіл білімінде қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі тіліміздің айту нормасын сақтап, қазақ тілінің артикуляциялық базасына сай айту мен жазу арасындағы ерекшеліктерге жете назар аударту, әсіресе, ғылыми қауымды алаңдататыны тіл дыбыстарының айтылу нормасы сақталмауы болып отыр.

Жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз.

Қазір Ресейлік басылымдарды кириллицада орыс та, қазақ та оқитын болғандықтан, латынға өткенде ол тек орыс оқырмандарымен ғана шектеледі, әрі қазақ оқырмандары үшін ықпалдылығын жояды. Ал латынға өтудің ең басты жетістіктерінің бірі- ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету емес пе?

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма жылда көтеріліп, соның он жылында қызу талқыланып келеді. «Латын әрпіне көшу – қазақ тілін дамыту мен жаңғыртудағы ішкі қажеттілік».

Қалай болғанда да, латынға көшу – ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома деп есептеймін, латын әліпбиімен жазуды шынайы қолдаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газеті 1914 жыл. №27
2. Қазақ әліпбиі / <https://kk.wikipedia>.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру/Егемен Қазақстан, 12.04.2017 ж.
4. Сәдуақас Н.Ә. Қазақ тілі фонетикасының зерттелуі.– Ақтөбе: Литера- А, 2008

ӘОЖ 822. 511. 112

<https://doi.org/10.53355/m9227-4707-1277-b>

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ – Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қожағұлова Н., Педагогика ғылымдарының магистрі
Е.Берліқожанов атындағы №11 ОМ КММ, Талдықорған қаласы

E-mail: nazym_kojagulova@mail.ru

Мақалада Қанипа Омарғалиқызы – оқыту әдістемесіне енгізген жаңалығы, әдебиетті оқытудағы инновациялық технологияларының бүгінгі жаңартылған білім мазмұнымен байланысы, тың тұжырымдары мен өзық бастамаларын жүзеге асырудағы еңбегінің маңызы туралы ғылыми пікір пайымдалады.

Тірек сөздер: инновация, технология, рухани байлық, реформа, көшбасшылық, жобалау, модель, шығармашылық, зертхана.

В статье рассматривается научное мнение о новизне, которую Канипа Омарғалиевна внедрила в методику преподавания, связи инновационных технологий в преподавании литературы с современным обновленным содержанием образования, значении ее труда в реализации новых концепций и инициатив.

Ключевые слова: инновации, технологии, духовное богатство, реформа, лидерство, проектирование, модель, творчество, лаборатория.

Abstract The article discusses the scientific opinion on the novelty that Kanipa Omargaliyeva introduced in the method of teaching, the connection of innovative technologies in the teaching of literature with the modern renewed content of education, the importance of her work in the implementation of new concepts and initiatives.

Key words: innovation, technology, spiritual wealth, reform, leadership, design, model, creativity, laboratory.

Қанипа Омарғалиқызы – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жаңа бір ұлттық белеске бағыттаған, технологиясын дамытуға айрықша үлес қосқан, шығармашыл ғалым - әдіскер, педагог - жаңашыл ұстаз. «Құрмет» орденінің иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қаз.ССР ағарту ісінің үздігі, КСРО ағарту ісінің үздігі, Республикалық БЖИ және С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің, Шәкәрім атындағы Семей университетінің профессоры Қанипа Омарғалиқызы – педагогика әлеміндегі ірі құбылыс, қазақ педагогикасының ірі тұлғасына айналған ұстаз.

Ұстаздың еңбегін дер кезінде әділ төрелігін айтқан, биік бағасын берген қоғам қайраткері, Халықаралық Абай Клубының президенті, жазушы Роллан Сейсенбаев: «Қанипа – Ұлы ұстаз, Ұлы әйел. Кеңестік дәуірдің кезінде Қазақстанда бірінші болып КСРО Мемлекеттік сыйлығын алу деген – нағыз батырлық», - деп бағалаған екен.

200-ге жуық ғылыми-әдістемелік мақалалардың, 40 кітаптың, 10 естеліктің авторы Қанипа Омарғалиқызы оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарын, Ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, бүгінгі күнгі әдебиетке дейінгі оқу бағдарламаларын, сонымен қатар «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты үш кітап та жазды. «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары», «М. Әуезов шығармашылығын оқыту», «Абай шығармашылығын мектепте оқыту», «Абай және Әуезов үндестігін оқыту», «Абайды таныту», «М. Әуезов мектепте», «Әуезовті оқыту әдістемесі» атты оқу-әдістемелік еңбектері бүгінгі жаңартылған бағдарламаны ұлттық тұрғыдан байытып, дамытуға зор үлес қосар еңбектер.

Ізденімпаз ұстаз әдебиетті тереңдетіп оқытудың проблемасымен мектепте сабақ бере жүріп, ұзақ жылдар іс-тәжірибелерін әріптестерімен бөлісіп, тың тұжырымдарын, бастамаларын батыл жүзеге асырды. Әдебиет алыптары Абай мен М.Әуезовтің адамзат баласына қалдырған мәңгі асыл мұраларын тереңдетіп оқыту жолдарын іздеді. Оларды оқыту туралы Республикада тұңғыш оқу әдістемелік құралдарын, бұрын оқу бағдарламаларында кірмей жүрген хас таланттарды қазіргі кезең әдебиетінің бір топ өкілдерін арнайы зерттеп, оқулық әрі әдістемелік бағдарламалар жазды. Сондықтан, Бітібаева Қанипа Омарғалиқызын – қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың өрісі кең, өзгеше жүйесін қалыптастырған шын мағынасындағы ұстаз, санаулы тұлғаларымыздың бірі деп мақтаныш тұтамыз.

Парасатты педагогтың қазақ әдебиетін терең, жан-жақты тануға, оны оқыту мәселелерін өрістетуге арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастары әркез зиялы қауымды сүйсіндіріп келеді. Сондай еңбектерінің бірегейі - «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту» атты оқу құралы. Бұл еңбекке дейін қазіргі қазақ әдебиетін мектепте оқыту мәселесі мүлде қолға алынбаған десе де болар еді. Осы еңбегінде мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін өте қажетті дүниені тереңінен қозғап, әдебиетіміздің 1960 жылдарынан 2000 жылдарына дейінгі аралықтағы қазіргі қазақ әдебиетінің белді өкілдері шығармашылығын сөз етеді.

Бұл еңбекті қазіргі кезеңдегі әдебиетті мектепте оқытудың негізгі оқулықтарының бірі деп айтуға болады. Себебі өте ауқымды күрделі кезең әдебиетін үш тарауға: 1- тарау «Тарихи романдардағы халық, ел тағдыры, тұлғалы адамдары, азаттық үшін күрес»; 2 - тарау «Қазақстан,

әдебиеттегі буырқанған ғасыр, қоғамдағы жаңғырулар, рухтағы жаңарулар лебі»; 3 - тарау «Әдебиеттегі махаббат, достық, табиғат, экология проблемалары, ондағы жаңа ғасыр лебі» деп лирикалық пафоспен үлкен бөлімдерге бөліп, осы тақырып айналасында ақын-жазушылардың шығармашылығын топтастырып, әрқайсысына терең поэтикалық талдау жасайды.

Елімізде білім беру саласында болып жатқан түбегейлі өзгерістер жайын сол кездің өзінде-ақ ұстаз өте көрегендікпен айтып, ұлттық мектептердің проблемасы жайлы: «Соңғы кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны түсінікті. Білім стандартының жасалуы, басқа да жүріп жатқан реформалар күрделі, қиын, қарама-қайшы белестерді ақырын-ақырын артқа тастап, алға жылжып келеді. Қай заманда, қандай реформа болсын мектептің басты тұлғасы – мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты да осы мұғалім арқылы жүзеге аспақ. Ал бүгінгі таңда мектептің, мұғалімнің қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру», - деп білім беру саласына қатты алаңдап, мұғалім мен оқушы тұлғасына ерекше мән береді [1, 12]. Сол кездің өзінде-ақ, бүгінгі таңда айтып жатқан Рухани жаңғырудың бір негізі - ұлттық код мәселесі Қанипа Омарғализы еңбектерінің негізгі арқауы болатын. «Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі», [1, 24]. - деп ұстаз жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру үшін, ең алдымен әр халық өзінің салт дәстүрі мен түп тамырын білуі қажет деп санады.

Қоғамдағы әлеуметтік мәдени өзгерістер мен дамулар, реформалар өз кезегінде мектептің оқыту үдерісіне әсер ететіні сөзсіз. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы ұстаз бен шәкірттің талабы мен белсенділігі арқылы жүзеге асады. Сондықтан, Қ.Бітібаеваның да бүгінгі жаңа технология-ның да басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру .

Қ.Бітібаева іс тәжірибесінің басты ерекшелігі, оқушылар сабаққа өздері мақсат қойып келеді. Ол мақсаттарды ұстаз диагностика, болжам үшін пайдаланады. Оның сабақ жоспары оқушы-субъектінің еркіндігіне жол ашады, оқушының да, ұстаздың да іс әрекеті түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің өнімді еңбегіне айналады. Бұл туралы атақты педагог өзі де былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікір айтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [1,276.].

Жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаеваның іс-тәжірибесінен ұстаздың өз ізденісінен туған оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулу мақсатындағы билер кеңесінің отырысы, мен-зерттеушімін, пікір қорғау, кіші зертханадағы ғылыми кеңес, ұлылар үндестігі, жобалар сайысы, шешендік турнирі, консилиум, сөз жарысы, өнер жарысы, есеп беру сабақтарында осындай білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер туындап жатады. Ұстаз бұл тәжірибесі жайлы да: «Ары қарай әр топ өзінің шағын сабағын жүргізеді. Оны әр топтың жетекшісі өзі жүргізеді. Әр оқушы өз пікірін өлеңнен үзінді оқи отырып, немесе сыншылар еңбегінен нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Бір топ екінші топқа сұрақтар қояды, толықтырады, әдеби викториналар арқылы сабақты одан әрі жандандыруға болады. Әр топ өз тапсырмасы туралы сөйлеп болған соң, сол топтың жұмысына қорытынды ретінде ғалымдар пікірінен үзінділер оқудың маңызы ерекше болып табылады. «Сын тұрғысынан ойлау ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу»- дейді [2, 265 б.].

«Ұстаздың әдебиетті оқыту пәлсапасы ой, ойлау, ойланту мәселелерінен тұрады. Әр сабақта оқушыға ой салу, ойланту ұстаздың әдістемесінің биік жемісі. Ол әдебиетті - ғылым, өнер

пәні ретінде қарастырады. Байырғы әдістемемен оқытылып келе жатқан әдебиет пәніне жаңа бетбұрыс әкеліп, инновациялық технологиямен оқыту мәселесін қазіргі педагогика ғылымының күн тәртібіне қойды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін мүлде тың арнаға бұрды» [2.36].

Бүгінгі жаңартылған бағдарламаға сәйкес бағалау критерилері де ұстаз еңбегінен айқын көрініс тапқан. «Бағалау нормативі, оған қойылатын талаптар бағдарламада да берілген. Соны басшылыққа алу керек. Бағалау міндетті түрде түсіндірмелі талдау әдісімен беріледі. Бұл, әсіресе, бала білімін ауызша талдауда іске асырылады. Шығарма, мазмұндама сияқты жазба жұмыстардың аяғында пікір беріледі. Қателері жинақталып көрсетіледі. Талдау әдісімен бағалауда оқушылар пікірімен, сыныптың пікірімен есептесіп отырғаны да жөн. Оқушы өзіне қойылатын бағаға келісе ме, оны да білудің артықтығы жоқ - Кейде оқушыларға өз білімін өзіне бағалатудың да маңызы зор-дейді [2, 265 б.] тәжірибелі ұстаз.

Қазір балаларды қабілеті, ынтасы, икеміне қарай оқыту тәжірибеге молынан енуде. Бұл - аса құптайтын мәселе. Мұғалім алдында математикадан қабілетті оқушы отырса немесе әнші, өнерпаз бала отырса, қолы шебер, ісмер бала отырса, оған кешіріммен қарап, үлгерімін жақсарту үшін, ізденген жөн. Баға - тек бала білімінің анықтаушысы емес, ол мұғалім еңбегінің де жемісі, анықтаушысы болып табылады. Қазақстанның жан-жақты дамып, көркеюі үшін талантты да қабілетті оқушыларды тауып, оларды білім беру барысында дамыту өте маңызды.

Талантты және дарынды балаларды оқыту – мұғалімдерден едәуір күрделі ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап етеді. Дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіліктерін, біліктілігін, әлеуетті мүмкіндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет және де бұл олардың ерте жасында олар үшін өте қиынға соғуы мүмкін.

Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Ұстаз еңбектерінен сонымен қатар, «ақпараттық-технологиялық карта» деген жаңа терминді кездестіреміз. Айталық, «Әдебиетті оқытудың әдістемесі мен технологиясы» еңбегінде ұстаз С.Сейфуллин мен М.Әуезовтің шығармашылығын толық танытатын технологиялық картаны ұсынады. Аталған технологиялық карталар - барлық ұстаздарға пайдалануға ыңғайлы, тақырыпқа байланысты толық ақпараттарды қамтитын, жүйелі, ғылыми негізделген дайын дидактикалық өнім.

Қазақстан Республикасының дербес мемлекет болып әлемдік кеңістікте нығая түсуі еліміздегі білім беру саласында инновациялық технологияларды кеңінен қолдануға бағытталған бетбұрыстарды талап етіп отырғаны белгілі. Мемлекеттік тілді оқытуда жаңа технологияларды сабақта жан-жақты қолдану жаңаша оқытудың тиімді жолдарының бірі болып табылатыны сөзсіз.

Білім берудегі басқару және көшбасшылық – білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек деген тұжырымға саяды. Бағдарламаның негізгі идеясын сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатынына негізделеді. Білім беру сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуына әкелетін негізгі қабілеті болып табылады.

Әр жылдары жарық көрген еңбектері, әдістемелік құралдары бүгінгі таңдағы рухани жаңғыру жолына апарар дара жол болмақ. Еңбектерінде әдебиетті тереңдетіп оқытудың инновациялық технологиясы, оқытудың өзекті мәселелері, әдебиет сабағында әдіс-тәсілдерді таңдау жолдары, әдеби талдаулардың бағыттары мен тәсілдері, әдебиеттің жанрларын оқытудың

ерекшеліктері, автор шығармаларының әр алуандығын ескере отырып оқыту керектігін баса айтады. Еңбектерінің өміршеңдігінің басты өлшемі тәжірибе мен ұштас болуында.

Қанипа Омарғалиқызы «Өзекті мәселені іздеудің ең оңтайлы жолы – бір нәрсені әр түрлі жағынан көре білу, дайын тұжырымдардың, өзіне де сыни көзқараспен қарау, басқа шешімін іздеу», - дейді [2]. Тереңдетіп оқыту мәселесінде «өзіндік пікірі, оқулық білімі, мұғалім түсінгі, ғалымдар еңбектері осы төртеуі қабаттасып келгенде ғана терең білім беріледі» басты өлшемі осы төрт бірлік. «Төрт құбыласы тең» болу деген халық даналығы осы төрттікті меңзеп тұрғандай. Түсінігі терең ұстаз, тұщымды ғалымдар тұжырымы, кемел оқулық, арқылы өзіндік пікірді қалыптастырса, нәтежелі жемісті терең білімнің көрсеткіші екенін айқындап берді [4].

XXI ғасыр – жаһанданған, білім мен ғылымның модернизацияланған ғасыры. Білім саласындағы жаңа ағымдар, ақпараттану саласындағы тың қозғалыстар, әлемдік білім кеңістігіне енудегі мақсаттар мен міндеттер қазіргі білім ордалары мен ұстаздар қауымынан да жаңаша ізденісті, шеберлікті талап етуде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқушының жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу», - делінген. Яғни, ұлттық құндылығымызды сіңірген халықтық педагогикадағы тағылымдарды ұрпақ тәрбиелеудің басты көзіне айналдыру шарт. Заман талабы өзгерген сайын мұғалімдер қауымына да жүктелетін талаптар саны артып отыр. «Жаңа заманның талап етіп отырған ұстаздары қандай болу керек?» деген сауалға әр ұстаз тек білім берумен ғана емес, шығармашылық ісімен, ғылыми ізденісімен ғана жауап бере алатыны сөзсіз.

Сондықтан мұғалім өз жұмысын оқушының өздігінен білім алуына бағыттауы қажет. Оқытуда осы мүддеден шығатын жаңа технология түрлері көп. Оқушының өзіндік қабілетін қалыптастыруға және білім алуға, дайындығын жетілдіруге оңтайлы алғышарт бола алатын технологияның бірі-жаңашыл ұстаз Қанипа Бітібаеваның іс-тәжірибе негізінде құрастырған әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы дер едім.

Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы инновациялық технологиялары-баланы ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге, өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға жетелейтін озық әдістер мен тәсілдер. Қазіргі таңда қолданыста жүрген «модель», «жоба», «бағалау парағы», «постер жасау», «миға шабуыл», «семантикалық карта» терминдері ұстаз еңбегінде, оның білім беру әдіс - тәсілдерінде бұрыннан бар екендігін еңбектерінен көре аламыз.

Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диалогиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады [3,20].

Қ.Бітібаева әдебиетті «өмір сабағы, өнер сабағы, ой сабағы, ойлану сабағы» – деп білген. Ол өзінің әр сабағын кішігірім өнер туындысы дәрежесіне көтеруді мұрат еткен ұстаз. Қанипа апамыз өткір ойы, батыл пікірі, оқу тәрбие процесін жетілдіруде тың серпіні бар, шығармашылық зертханасы қалыптасқан өте іскер жаңашыл мұғалім болған. Бұл барша ұстаздар қауымының пікірі десек те болады.

«Қанипа Бітібаева – оқыту процесінде баланың рухани жан-дүниесін, ой еңбегінің күрделі процесінің заңдылықтарын, жеке адамның қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуші ұстаз» - дейді педагог-ғалым Ф.Оразаева [6,12].

Қазақ халқының «рухани көсемі» А.Байтұрсынов: «Ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика мен методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім», «Өз алдына ел болуға өзіндік тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алады», «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіңе сүйенетін қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек»-

деген болатын. Педагогикадан оқулық жазған алаш ақыны М.Жұмабаевтың айтқан тамаша пікірі бар: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті». «... Баланың атаға тартуы рас болса, сикырлы даланың баласы–қазақ баласы қиялқұмар болуға тисті»- деп оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізуді қолға алған болатын.

Жарты ғасырға жуық ұстаздық еңбек еткен, есімі одаққа танымал, аңыз адамға айналған Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның өмір мектебі жайлы сыр шерткен соңғы жазған «Егіз өрім» атты кітабындағы өз сөзіне үңілетін болсақ: «Таңымды «мектеп» деп, түнімді «мектеп» деп жүріп өткізген 45 жылдың қалай өткенін білмей де қалдым..., Мен бала махаббатынан, оқушы сүйіспеншілігінен артық бақыт, қуанышты сезінбедім» -деп өмірін ұстаздық қызметке қалтқысыз арнаған, ұлт болашағын ойлаған алаш арыстарының аманатын арқалап, ұлт болашағы жастарымызға терең білім беру жолында аянбай тер төккен ұстаздың есімі ұлттық педагогикада алтын әріптермен жазылып қалғаны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Мұғалімдерге арналған құрал. – Алматы: Рауан, 1990. - 199 бет.
2. Келгенбаева Б.Б. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» туралы сөз .Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы No 1.61) 2008
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы: Екінші басылымы. - Алматы: Мектеп 2003. - 336 бет.
4. Бітібаева Қ.О. Оқушыларды ғылыми – зерттеу жұмысына баулу жолдары. Мұғалімдерге арналған құрал. - Алматы: Рауан, 1990. - 199 бет.
5. Бітібаева Қ. Құдайбергенова Г. Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002ж.
6. Оразбаева Ф. Ой салу - ұстаздан, ойлану – шәкірттен//Егемен Қазақстан. 2005,15. 12

УДК 37

<https://doi.org/10.53355/s2094-1395-1270-h>

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГЕЙМИФИКАЦИИ В ОБУЧЕНИИ ПРОГРАММИРОВАНИЮ

Мамет Б.Г., магистрант 2 курса

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы

E-mail: mbinuryum@gmail.com

Бүгінгі оқушылар цифрлық технологиялардың тумалары. Олар сандық технологиямен өсті. Мұғалімдер оқу процесін оқытудың әр түрлі стилі және оқыту мен оқытуға қойылатын жаңа талаптары бар студенттерге бейімдеуге байланысты маңызды мәселелерді шешуге мәжбүр. Гамификация-бұл оқушылардың ынтасы мен белсенділігін арттыратын білім беру тәсілдері мен әдістерінің бірі. Мақалада бағдарламалауды үйрену кезінде онлайн ойындарды қолдану мәселесі қарастырылады.

Тірек сөздер: Гамификация, сандық технологиялар, ойындар, заманауи білім, CodeCombat.

Сегодняшние учащиеся - уроженцы цифровых технологий. Они выросли на цифровых технологиях. Учителям приходится решать важные вопросы, связанные с адаптацией учебного процесса к студентам, у которых разные стили обучения и новые требования к преподаванию и обучению. Геймификация – это один из образовательных